

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

**«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы**

25.05.2023 ж.

**Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”**

25.05.2023

**Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»**

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.  
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,  
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің  
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті  
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930  
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

*edi här zaman yürüsärlär edi kerezmanına anıñ navidžat etip»* (олар өздері Мовсесті көмген болса, әр қашан қабіріне оның жағдайын сұрап бару керек еді) [2,II:492].

Сонымен, армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде өткен шақ етістігінің аналитикалық формалары *-ыйыр еді, -ый еді, -п еді, -ған еді, -ар еді, -ғай/-ғый еді, -са еді* формалары арқылы жасалғаны анықталды. Ескерткіш тілінде *еді* көмекші етістігінің тіркесімділік қабілеті өте жоғары екендігі байқалды. Етістіктің грамматикалық категорияларының қосымшаларына тіркесіп келіп, қалау, күдіктену, тілек, өтініш, шартты сияқты әртүрлі мағыналық реңктер үстелгені айқындалды.

### Әдебиет

1. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – Т. 1. – 1084 с.
2. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Памятники духовной культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков. Т. II. – Алматы: KASEAN; БАУР, 2007. – 912 с.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: ЖШС «Инжу-Маржан полиграфия фирмасы», 2007. – 390 б.
4. Грунин Т.И. Документы на половецком языке XVI в. – М.: Наука, 1967. – 430 с.
5. Юлдашев А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. – Москва: Изд.: Наука, 1965. – 275 с.
6. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. – Москва: Изд. АН СССР, 1952. – 544 с.
7. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 206 с.
8. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

### КӨНЕ АНАТОЛИЯДА ТАБЫЛҒАН ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

*Шалдарбекова А.Б.*

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Астана, Қазақстан*

*ajars@mail.ru*

**Аннотация:** Көне Анатолияда (Кіші Азия) ХІХ ғасырдың басында жарыққа шығарылған сына жазулы мәтіндер бұл аумақта табылған ең алғашқы жазба дереккөздері. Аталған ескерткіштер орталық Кіші Азия яғни, қазіргі Кайсери қаласының жанынан Күлтере қалашығында табылған. Күлтере (ежелгі

*Kaniš*) қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде 23 мыңға жуық сына жазуы бар тақтайшалар табылған. Олардың бір бөлігін жетекші маман-ассириологтар оқып, басып шығарған. Жазбаша дереккөздердің ең алғашқы зерттеулерін XX ғасырдың басында бір топ көрнекті шығыстанушы ғалымдар жүргізді. Олар В. Landsberger, J.Lewy, Н. Lewy, Р. Garelli, L.Orlin, М.Т.Larsen. Сонымен қатар К.Hecker, V.Soden секілді ғалымдар кең көлемдегі жазба материалдарын зерттей келе, ежелгі ассириялық тілдің грамматикасы мен сөздігін жасады. Қазіргі зерттеушілердің бірішамасы К.Р. Veenhof, С. Günbatti сол кезеңнің хронологиясымен айналысып жатса, К.Nashef, G.Baḡjamović және т.б. ғалымдар ежелгі Кіші Азия тарихи географиясы сұрақтарына жауап іздеу үстінде.

Kültepe мұрағаттарындағы сына жазу құжаттарын түрлеріне қарай бірнеше топтарға бөлуге болады: хаттар, ресми құжаттар және әртүрлі меморандумдар, жазбалар, тізімдер. Оларды зерттеудің нәтижесінде сол кезеңдегі Анатолияның қала мемлекеттерінің саяси және экономикалық жағдайы туралы құнды ақпаратқа қол жеткізу мүмкін. Қазіргі таңда сына жазулы деректердің оқылып жариялану жұмыстары әлі де жалғасып келе жатыр. Сонымен қатар, Ассирия тілінің сөздігі құрастырылып мәтіндердің талдауы туралы жаңа мақалалар жариялануда.

**Кілт сөздер:** Анатолия (Кіші Азия), жазба деректер, ассирия сауда колониялары, дерек түрлері, деректемелік талдау

**Abstract:** Cuneiform texts published in ancient Anatolia (Asia Minor) at the beginning of the XIX century are the earliest written sources found in this territory. These monuments were found in the Central Asia Minor, that is, in the Kültepe settlement near the modern city of Kayseri. As a result of archaeological excavations carried out in the town of Kültepe (ancient Kaniš), about 23 thousand cuneiform tablets were found. Some of them were read and published by leading Assyriologists. The earliest studies of written sources were carried out at the beginning of the twentieth century by a group of prominent orientalist scientists. They are В. Landsberger, J.Lewy, Н. Lewy, Р. Garelli, L.Orlin, М.Т.Larsen. As well as scientists such as К. Hecker, V. Soden, are studied extensive written materials, created a grammar and dictionary of the ancient Assyrian language. One of the modern researchers К.Р. Veenhof, С. Günbatti are dealing with the chronology of that period.

Cuneiform documents in the Kültepe archives can be divided into several groups according to their type: letters, official documents and various memoranda, notes, lists. As a result of their study, it is possible to access valuable information about the political and economic situation of the Anatolian city-states of that period. Currently, the work on the publication of cuneiform data is still ongoing. In addition, a dictionary of the Assyrian language is being compiled and new articles are being published on the analysis of texts.

**Key words:** Anatolian, written sources, Assyrian Trade Colonies, types of written sources, analyses

Қазіргі таңда Еуразия континенті аумағындағы мәдениеттер мен өркениеттердің өзара ықпалдасып әрекеттену тақырыбы ғылыми қоғамдастықтың үлкен қызығушылығын тудырады. Түркітанушы ғалымдар көне шумерлер мен түркі өркениеттері арасындағы тілдік және мәдени ұқсастық туралы көптеген пікір білдіріп осы бағытта зерттеулер жасауда. Ғалым А.С. Аманжолов, Ежелгі Шығыс пен Батыс Азияда үш мың жылдан астам қолданылып келген көне шумер сына жазуы түркі, фин-угор және басқа да халықтардың жазуымен, мәдениетімен, тілімен тікелей байланысты екенін айтады [1:5]. Қазақтың белгілі ақыны, ойшылы, көрнекті қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов еңбектерінде ассирия мәдениетінің (семит тілі) түркі өркениетімен (түркі тілі) байланысын атап өтеді [2: 9].

Көне Анатолияда (Кіші Азия) ХІХ ғасырдың басында жарыққа шығарылған сына жазулы мәтіндер бұл аумақта табылған ең алғашқы жазба дереккөздері. Аталған ескерткіштер орталық Кіші Азия яғни, қазіргі Кайсери қаласының жанынан Күлтере қалашығында табылған. Бастапқыда саз-балшықтан жасалған сына жазу тақтайшалары аймақтың грекше атауымен Каппадокия деп аталған. ХІХ ғасырдың басында туристер сына жазу тақтайшаларын антиквариат ретінде жергілікті шаруалардан сатып ала бастаған. Кейінірек, ежелгі ескерткіштерге шетел зерттеушілерінің қызығушылығы артып, көне деректер табылған жерлерге археологиялық экспедиция жұмыстарын жүргізе бастады.

1893 және 1925 жылдар аралығында Күлтере аумағында 4 экспедициялық жұмыс жүргізілді. Алғашқы қазба жұмыстарын 1893 және 1894 жылдары археолог E.Chantre жүргізді. 1906 жылы бұл жерде ғалым Н. Winckler алты күндік қазба жұмысын жүргізді, сол жылы Н. Grothe де археологиялық зерттеу жұмыстармен айналысты. Бірақ аталған археологтардың әрекеті сәтсіз аяқталды. Себебі, Karahöyük/Күлтере қалашығынан ешқандай сына жазу тақтайшалары табылмады. 1925 жылы чех ғалымы В. Hrozny бастаған бір топ археологтар тағы бір талпыныс жасауды ұйғарады. Нәтиже болмағандықтан жұмыстарын тоқтатқалы жатқан топқа жергілікті шаруалардан маңызды ақпарат келіп түседі. Ол ақпаратта саз балшықтан жасалған сына жазу тақтайшалары археологтар іздеген төбешіктен емес, төбешіктің жанындағы жазық далада табылғандығы жайлы баяндалады. В. Hrozny сол жерді қазу туралы шешім қабылдап, мыңға жуық тақтайшаларды табады. Осылайша, чех ғалымы Күлтере қалашығының орналасқан жерін анықтап, ежелгі Шығыс тарихында орасан зор жаңалық ашады (ғалымның тағы бір үлкен жаңалығы – хет сына жазуының мағынасын ашуы).

Ұзақ уақыттан кейін яғни, 1948 жылы Түркия Республикасы Тарих Қоғамы ұйымы арнайы археологиялық экспедиция жұмысын ұйымдастара бастағанда, Күлтере қалашығына жүйелі түрде қазба жұмыстарын жүргізу басталады (Илл.2). Экспедиция басшысы ретінде атақты археолог, профессор Tahsin Özgüç тағайындалады. Ол сол кезден бастап өмірінің соңына дейін, нақтырақ айтқанда 2005 жылға дейін Күлтере қалашығында қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазіргі таңда, археологиялық жұмыстарды оның шәкірті болған профессор F.Kulakoğlu жүргізіп, басшылық етуде.

Т.Özgüç бастаған археологиялық экспедиция Kültere қалашығының 18 мәдени қабатын анықтады. Олар қола дәуірінен бастап - ассириялық сауда колонияры кезеңі - хет патшалығы дәуірі - ежелгі эллиндік және римдік дәуіріне дейін созылады [3: 12].

Кейінгі хет дәуірінде *Kaniš* (Kültere) қалашығы қуатты *Tabal* державасына кіретін кішігірім мемлекеттің орталығы болған. Лувий тілінде сөйлеген бұл мемлекеттің халқы орталық Кіші Азияны мекендеген. *Tabal* билеушісімен соғысқан бірінші ассириялық патша - *III Salmanasar* болды. Б.з.д. 837 жылы, кейінгі Хет патшалығын жаулап алған соң *III Salmanasar* Аманос тауларынан асып, *Kizzuvatna* жеріне қарай бет алып, барлық қалаларды жаулап алады. Екі жылдан кейін, ол Антитавр асуларын кесіп өтіп, *Tabal* қалаларын қиратады. *Tabal* патшалары *III Salmanasar* 'ге бағынады. Сонымен қатар, *Tabal* қала және мемлекеттердің конфедерациясы болуы әбден мүмкін. *Kayseri* және оның маңынан аталған дәуірге тиісті иероглифті жазба ескерткіштер де табылған. Ассириялық патшалардың қайта аяққа тұрған *Tabal* мемлекетімен келесі соғысы *II Sargon* билік еткен тұста орын алады (б.з.д 722-705 жж.). Деректерге сүйенетін болсақ, сол жылдары *Tabal*'дың патшасы *Wašu-Šarm* болған. Бастапқыда Кіші Азия билеушілері ассириялықтарға бағынуға және оларға құрмет көрсетуге ниет білдірген. Алайда, ол ұзаққа бармай, 717 жылы *Tabal*'да толқу басталады. Деректерге сүйенетін болсақ, Ассирияға қарсы құрамында көршілес тайпалар мен мемлекеттерден тұратын коалиция құрылған. Ассириялықтар *Tabal* билеушісі *Ambaris*'қа Ассирия ханшайымын беру арқылы неке одағына құруға мәжбүр болды. Нәтижесінде, *Ambaris* тақтан түсіріліп, *Tabal* Ассирияның провинциясына айналады. Осылайша, Кіші Азияның орталығындағы қуатты мемлекеттің жермен жексен болуы орын алады. *Tabal* мемлекетінің құлауы нәтижесінде *Kaniš* қаласының өртеніп, қирауы әбден мүмкін [4: 13].

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде *Kaniš* (Kültere) қалашығының жоғарғы жағынан сарайлар мен храмдардың қалдықтары табылса, *kārum* қалашығының төменгі жағынан жергілікті анадолылық және ассириялық саудагерлерге тиесілі үйлер мен шеберханалар табылды. Қаланың жоғарғы жағынан табылған 3 сарайдың өзіне тән жобалау ерекшеліктері бар. Олардың екеуі ертеректегі мәдени қабатқа жатады: қаланың «оңтүстік терраса» сарайы және *Anitta* патшаның сарайы. Олай аталуының себебі археологиялық қазба жұмыстары барысында найзаның ұшы табылады. Онда «*Anitta* патшаның сарайы» деп жазылғандықтан, *Anitta* патшаның сарайы деп аталып кеткен. Ең соңғы салынған сарай болып ежелгі Kültere қалашығының 7 қабатына жататын *Anitta* сарайының орнына салынған - *Waršama* патшаның сарайы болып табылады. Сарайлар қонақ бөлме, қызметшілерге арналған бөлме, тауар сақтауға арналған бөлме деген секілді көптеген бөлмеден тұрған. Мысалы *Waršama* патша сарайының жобасы былай ерекшеленеді: көлемі 120X110 м., ішкі қоршаулардың болуы, сарайдың орталығында орналасқан ішкі аулада бөлмелердің болуы. Археологиялық қазба жұмыстары сарайлардың ірі сауда операциялары жүргізілген маңызды экономикалық орталықтар болғанын көрсетеді: бұл жерде салық саналды, патша үйі мен сарай қызметшілеріне көп мөлшерде тауарлар

сатып алынды және тауарлар басқа қалаларға жіберілгенге дейін осы сарайларда сақталды.

Асешhöyük және Bogazköy елді мекендерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде сарайлардың қалдықтары табылды. Осы қалдықтарға сүйене отырып, Ё.GAL идеограммасы бар сына жазу мәтіндерінде көрсетілген сарайлар Кіші Азияның барлық қала-мемлекеттерінен табылған деп айтуға болады.

Диаметрі 2 км болып қалатын төменгі *kārum Kaniš* қалашығы жоғарғы Kültere қаласын қоршап тұрған. Археологтардың дерегі бойынша *kārum Kaniš* қалашығы 250 жыл қызмет еткен. Ол жерден 4 мәдени қабатты көруге болады. Жоғарғы екі қабатынан жазба дереккөздер табылған. Сауда колониясының пайда болуы б.з.д. шамамен 1927 жыл деп есептеледі. Ол 100 жылға дейін жалғасып, *Naram-Sin*'нің басқару кезінде яғни, б.з.д. шамамен 1836 жылы болған алапат өртпен аяқталады. Араға біраз уақыт салып Ів мәдени қабатының жазба деректері көрсеткендей, *kārum* саудасы қайта тіріледі. Бұл дәуір де 100 жылға созылып, б.з.д. шамамен 1719 жылы аяқталады. *kārum* қалашығының өмір сүруінің соңғы кезеңінде - Іа қабатында *Kaniš* үлкен құлдырауды бастан кешіріп, төменгі қалашық өмір сүруін тоқтатады. Жоғарыда атап кеткендей, жоғарғы қалашық грек және рим мәдени қабаттарына ие болатын.

Kültere археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде 23 мыңға жуық сына жазу тақтайшалары табылды. Сына жазу тақтайшаларының бір бөлігі бұрындары шет елге шығарылып әлемнің мұражайларынан орын тапса, көп бөлігі Анкарадағы (Турция) «Анадолы өркениеті» мұражайында сақтаулы. Тақтайлашар барлығы дерлік Kültere қалашығының ІІ мәдени қабатына тиесілі. Өте аз мөлшері (шамамен 349 тақтайша) Ів мәдени қабатына тиесілі<sup>2</sup>.

Ежелгі Ассирия тілінде жазылған сына жазу тақтайшалары *Ališar* және *Boğazköy*<sup>3</sup> қалашықтарынан аз мөлшерде табылды. Табылған сына жазу құжаттары Kültere Ів дәуіріне тиесілі тақтайшалардың жылымен сәйкес келеді.

Жоғарыда атап өткендей, ең алғашқы сына жазу тақтайшалары ежелгі Ассирия тілінде Анадолыда 1880 жылдар егістіктегі ауыл шаруашылық жұмыстары барысында шаруалар тарапынан табылған. Анадолыға келген туристер мен саяхатшылар сына жазу тақтайшаларын антиквариат ретінде өздеріне алып қалған. Осылайша, тақтайшалар ежелгі жазуларға қызығушылық танытатын мамандардың коллекциясына түсіп отырған. Осындай жолмен шет елген кеткен тақтайшалардың саны 4000 жуық деп есептеледі. Олардың көп бөлігі әлемге әйгілі мұражайларда сақтаулы. Мысалы Берлин, Лондон, Париж, Женева, Хайдельберг, Йен, Ляйден, Ливерпул, Москва, Петербург қалаларында. Орыс саяхатшысы В.С. Голенищевтың Kültere сына жазу құжаттары коллекциясы Петербургта Эрмитажда сақталған. Сонымен қатар, жергілікті халық тапқан ежелгі тақтайшалардың бір бөлігін (шамамен 500 ге жуық ) Түркия

<sup>2</sup> Бұл құжаттардың кейбірін Анкара университеті тарих факультетінің шумерология кафедрасының оқытушылары дайындап, АКТ I, АКТ II, АКТ III, АКТ IV серияларында жариялаған (Анкара, Түркия).

<sup>3</sup> *Ališar* құжаттары OIP XXVII сериясында жарияланған, *Boğazköy* тақтайшалары KBO IX сериясында басылған.

үкіметі сатып алып немесе тәркілеп, Адана, Анкара, Стамбул қалаларындағы мұражайларға қойған.

1925 жылғы қазба жұмыстары барысында *Kaniş* қалашығынан 1000 ге жуық сына жазу тақтайшалары табылған болатын. Оның жартысы Стамбул мұражайына берілсе, екінші жартысы Париж университетінің мұражайына жол тартқан. 1948 жылы Түркия Республикасы Тарих Қоғамы басшылығымен жүргізілген қазба жұмыстары барысында, Kültere қалашығынан археологтар 18 000 жуық тақтайша және конвертке салынып мөрлеген тақтайша тапқан болатын. Қазіргі таңда олардың барлығы Анкарадағы "Анадолы өркениеті" мұражайында сақтаулы. Сонымен қатар, ежелгі Ассирия тілінде жазылған тақтайшалар *Alişar Höyük* (ежелгі *Amkuwa*) және *Bogazköy* (ежелгі *Hattuša*) қалашықтарынан да табылған болатын. Аталған қалашықтардан табылған тақтайшалар хронологиялық тұрғыда Kültere қалашығының Ib кезеңімен сәйкес келеді. *Purušhattum* қаласымен сәйкестігі әлі толық дәлелденбеген *Asemhöyük* көне қалашығынан да аз мөлшерде құжаттар мен мөрлер табылған.

### **Жазбаша құжаттардың түрлері**

#### **Мұрағаттар**

Жалпы саны нақты анықталмаған Kültere тақтайшаларының барлығы дерлік ассириялық көпестердің жеке мұрағаттарына тиесілі. Мұрағаттардың реконструкциясын жасау үшін олардың қожайындарының сауда - саттықты ірі көлемде жасаған атақты көпестер болуы шарт. Себебі құжатта көпестің есімі, сауда – саттықпен айналысқан қалалары, тұрақты сауда серіктестерінің есімдері және т.б көрсетіледі. Осыған сүйене отырып оларды жинақтап сипаттауға мүмкіндік туады. Археологтардың көмегімен табылған сына жазу тақтайшаларын 1948 жылдан бастап мамандар әріптер арқылы белгілесе (1948-1972 жылдары *kt a/k*, *kt b/k* әрі қарай *kt z/k* дейін), 1973 жылдан бастап қазба жұмыстары жүргізілген жылды да анық жаза бастады. Мысалы, тақтайша 1973 жылы қазба жұмыстарында табылса, онда ол *kt 73/k* деп белгіленді. Алайда, археологтардың жыл сайынғы есебінің негізінде мұрағаттардың нақты санын анықтау барлық кезде мүмкін болмайды. Мысалы, қазба жұмыстары бір жылдың ішінде аяқталмаса, бір мұрағаттың тақтайшалары әртүрлі нөмерленуі мүмкін. Бұндай жағдайда, бір мұрағаттың тақтайшаларында әртүрлі жылмен жазылған және оны қайта бір коллекцияға жинақтау қиын болады.

Мұрағаттағы сына жазу құжаттары әртүрлі көлемде болады. Онда ондаған немесе 2 000 нан астам құжаттар болы мүмкін. Мамандардың пікірінше Kültere көне қалашығының II - мәдени қабатына 80-нен 100-ге дейінгі әртүрлі мұрағаттар жатады деп есептелінеді. Олардың ішіндегі әлі жария етілмеген біршамасы Кіші Азиядағы жергілікті көпестерге тиесілі [5: 95].

Ib мәдени қабатынан (б.з.д. 1800-1720жж) аз көлемде жазба материалдары табылған болатын. Шамамен 350 құжат. Археологиялық қазба жұмыстары көрсеткендей, сол кезеңдегі сауда-саттық ежелгі Ассирия тілінде ассириялық көпестермен құжат жүргізген жергілікті Кіші Азия көпестеріне де тиесілі болған. Бұл кезде *kārum* да тұратын ассириялықтардың саны азайып, олардың үйлерінен



өте аз көлемде жазбаша құжаттар табылған. Жергілікті көпестерге тиесілі Ів мәдени қабаты туралы бірнеше мәтіндерде Кіші Азия қоғамы, олардың отбасындағы ерекшеліктері, сауда – саттық және жергілікті заңдары туралы қызықты деректер беріледі. Олардың қатарында үй шаруашылығын (туған немесе асырып алынған балалар) отбасындағы әке немесе анасымен бірге басқару, сондай - ақ үй шаруашылығынан босатылу жайлы келісімшарттар бар. Басқа келісімшарттарда Кіші Азия халқының сарайдағы қызметтік міндеттері яғни, «патша үйін» басқарумен қатар, сарай міндеттерін орындау бекітілген.

Осылайша, Kültere мұрағаттарындағы сына жазу құжаттарын түрлеріне қарай бірнеше топтарға бөлуге болады: хаттар, ресми құжаттар және әртүрлі меморандумдар, жазбалар, тізімдер [5: 100].

### *Хаттар*

Мұрағаттағы көптеген іскерлік хаттарды *Aššur* қаласынан *Kaniš* қаласына жіберілген тауарлар туралы хабарламалар құрайды. Одан бөлек ассириялық саудагерлердің Кіші Азия жерінде керуен арқылы көшпелі сауда жасаған немесе елдің басқа сауда өңірлерінде тұратын саудагерлермен (туыстармен, серіктестермен, агенттермен, қызметкерлермен) алмасқан хаттары да бар.

Ерекше қызығушылықты, көпестердің отбасы мүшелеріне жіберілген (көбіне жұбайына) немесе отбасы мүшелерінен алынғат хаттар тудырады. Ол хаттарда көпестердің отбасы және көбіне, сауда саттығы туралы ақпараттар көрсетілген.

Мұрағаттарда әртүрлі көлемде *Aššur*'ға көшіп кеткен көпес балаларының *Kaniš*'та сауда жұмыстарын жүргізгендігі туралы хаттардың көшірмелері сақталған.

Әдетте хаттарды автордың және адресаттың аты жөні көрсетіліп, мөрі басылған саз-балшық конверттерге салған. Кейде конвертке кішкентай дөңгелек саздың дөңес бетіне жазылған «қосымшалар» хатпен бірге салынатын болған.

### *Ресми құжаттар (келісім шарттар, заңды жазбалар)*

#### *1. Келісім шарттар*

Келісім шарттар құжаттар тобы – қарыз туралы жазбалардан тұрады. Келісім шарттарда - алынған қарыздың суммасы немесе несиеден және пайыздық мөлшерлемелерден туындайтын қарыздың суммасы көрсетілген. Бұл келісім шарттарды несие беруші немесе қарыз беруші адам жасаған және олар келісім шарттарда борышкерге өз талабын көрсеткен. Сонымен қатар, келісім шарттарда борышкер төлеуге тиіс күмістің көлемі (көбіне несиеге алынған тауарлар), мерзімі және уақытылы төлем жасамаған жағдайдағы айыппұлдың көлемі көрсетілген. Борышкерге (көбіне жергілікті анадолылықтар) қойылатын талаптарда кепілдік шарты да қарастырылған. Келісім шартта көрсетілген міндеттерді орындамаған жағдайда борышкердің мал - мүлікі тәркіленетін болған. Борышкердің мал-мүлігін тәркілеу негізінде жаңа келісім шарттар жасалып отырылған.

Аталған құжаттардың ерекшелігі - құжаттар жасалған күн-ретінің көрсетілуінде. Ол үшін, бұл қызметке ассириялық күнтізбені пайдалана отырып

1 жылға тағайындалатын *limtum* атты ассириялық шенеуніктердің есімі жазылды. Аталған мамандардың тізімдерін жылдарға сәйкестендіру арқылы ежелгі ассириялық кезеңнің хронологиясы жасалынды.

Келесім шарттардың басқа түрлерін мына құжаттар құрайды: 1) тауар жөнелтудегі керуен қызметкерлері үшін; 2) үй және құл сатып алушылар үшін; 3) саудадағы инвестицияларды түзету үшін (акционерлік компанияға серіктес болу үшін күміс беру).

Жоғарыда аталғандардан бөлек, отбасы құқығын көздейтін келісімшарттар бар: неке, ажырасу, мұра және бала асырап алу туралы жазбалар. Бұл құжаттардың біршамасы жергілікті сауда қоғамдастығы тұрғындарына қатысты болып табылады. Онда бала асырап алу және үй шаруашылығынан босатылу туралы айтылады.

#### *Заңды жазбалар*

Заңды жазбалар – жеке күн тәртібі мен төреліктен бастап, *Aššur* қалалық жоғарғы сот органдарының соңғы үкімінің орындалуы және сот төрелігінің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуы кезеңдері тіркелген жазбаша құжат.

Жоғарыда айтылған категориялардың көп бөлігін куәгерлік және ант ету жазбалары құрайды. Бұлардың көпшілігі сот ісін жүргізудің нәтижесі болып табылады және бір қатысушының екінші қатысушыны «басып алуы» (*sabatum*) немесе екі жақты келісіммен сот төрелігіне жүгінуі туралы айтылады.

Жоғарыда аталғандардан басқа да құжаттар бар. Оларға отаршыл билікпен жасалған келісімдер, сотқа берілген арыздар туралы әртүрлі хаттамалар, сондай-ақ *Aššur* Ассамблеясының бірқатар қаулылары жатады.

Ерекше категориялардың бірін – екі жақтың бірінің пайдасына шешілген, *Aššur*'дың процессуалдық нұсқаулықтары мен алдын-ала шешімдерін қамтитын Ассириядан жіберілген құжаттар құрайды. Көшірмеден басқа жазбалардың барлығы тараптардың немесе куәгерлердің мүддесі үшін жасалып, тараптардың, соттардың, куәгерлердің мөрі басылып, саз балшық конверттерге оралған.

Заңды жазбаға жататын құжаттардың ерекшелігінің бірі – келісім-шарт құрастырушылардың мөрінің болуында. Мамандар ассириялық және Кіші Азия көпестеріне тиесілі екі мыңға жуық әртүрлі мөрлер бар деп есептейді. Осылайша, бұл құжаттар Анадолы саудагерлерінің іс-әрекетін сипаттап қана қоймай, сондай-ақ мөрдің техникасы мен стилі жайлы құнды ақпараттар береді.

*Құжаттардың басқа түрлері: тізімдер, қызметтік жазбалар, шимай жазбалар және көшірмелер, тасымалдау жазбалары және меморандумдар.*

Бұл категорияға хат немесе заңды құжат болып табылмайтын яғни, заңды күші болмаған барлық жазба деректер жатады. Оларға меморандумдар, жазбалар, тізімдер, шимай жазбалар, құжат көшірмелері және т.б жатады. Бұлардың көпшілігі кейін ресми жазбалар үшін пайдаланылған ағымдағы операциялардың жазбалары болып табылады. Мысалы, тоқыма өнімдерінің және күмістердің мөлшері (алынған немесе шығын), өндірістік шығын (әсіресе керуенмен сауда жасау барысында), сатылатын тауарлар туралы (дәнді дақылдар, жүн, тоқыма өнімдері, мыс, қалайы, күміс), берешегі бар тауарлар – алынған, сақталған немесе берілген. Заңды күші жоқ құжаттардың бір ерекшелігі

- әртүрлі мұрағаттарда үлкен көлемде нан, сыра және қой отары туралы ұзын-сонар тізімнің табылуы.

Аталған категорияға жазбалар мен меморандумдар жатады. Жазбаларда алтын мен күмістің мөлшері және оны қабылдап алушы адам мен жеткізуші адам жайлы мәлімет береді. Меморандумға саудагерлер өз активтеріне шолу жасау үшін қарыз жазбаларды тіркеген. Кейде бұл меморандумдар деректерді біріктіру және өңдеу мақсатында Ассирияға және Анадолының басқа қалалардағы серіктестеріне жіберілген.

Бұл дереккөздердің түрлері саудагердің іс – әрекеті, сауда көлемі, кірісі, пайдасы, бизнестегі серіктестері және агенттері туралы ақпарат алуда маңызды рөл атқарады. Алайда, дереккөздермен жұмыс жасауда проблемалардың бірі оның жие «анонимді» болуында. Бұндай құжаттарда несие беруші көрсетілмейді немесе құжаттар бірінші тұлға атынан жасалған болып табылады.

Деректердің ерекше категориясын буллалар құрайды: саз-балшықтан жасалған заттаңбалар және әртүрлі формадағы (дөңгелек, үшбұрыш) мөрлер. Олар қораптың, банканың ішіндегі заттарды сақтау үшін жабыстырылатын болған. Әдетте, буллаға қысқаша жазу жазылып, мөр басылатын болған. Булла жеткізу қызметі және тауарларды сақтау туралы ақпараттар береді.

*Kültere қалашығында жарыққа шығарылған сына жазулы құжаттарының жалпы саны*

Kültere мәтіндерінің көбі, шамамен екінші мәдени қабат кезінде, яғни б.з.д 1950-1837 жж аралығында өмір сүрген ассириялық көпестердің жеке мұрағаттарына тиесілі (шамамен 4000 тақтайша). 1925 жылғы В.Нрозну қазба жұмыстары кезінде табылған және жергілікті шаруалардан алынған (шамамен 1000 тақтайша) құжаттардың бәрі көпестердің жеке мұрағаттарына тиесілі болған. Жоғарыда айтылғандай, 1948 жылдан бастап Kültere қалашығында жүйелі түрде қазба жұмыстары жүргізілген. Оны ертеректе атақты түрік археологі Т.Özgüç жүргізсе, кейін оның шәкірті - профессор F.Kulakoğlu жүргізді. Осы кісілердің арқасында көп көлемде жазба құжаттары табылды (шамамен 18 000 тақтайша). Қазіргі таңда Kültere сына жазу тақтайшаларының 23 000 жуығы бар деп айтсақ қателеспейміз және оның 350 тақтайшасы кейінгі 1b кезеңдегі шағын мұрағаттарға жатады. Одан бөлек, 2001 жылы 1b қабатына тиесілі 145 құжат табылған. Kültere'ден бөлек ежелгі *Amkuwa* және *Hattuša* қалаларынан қираған күйде 135 сына жазу тақтайшалары табылды. Ол құжаттар да кейінгі 1b кезеңіне жататыны анықталған болатын. *Amkuwa* және *Hattuša* қалаларынан табылған сына жазулы дереккөздер аз көлемде болса да құнды болып табылады. Себебі, олар кейінгі ассириялық сауда – саттықтың өзгеріс сипаты мен ауқымдылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, осы күнге дейін Түркияның Кайсери қаласының жанында орналасқан Kültere қалашығы және осы дәуірге қатысты мәлімет беретін *Amkuwa* және *Hattuša* көне жерді мекендерде табылған ескі ассирия тілінде жазылған тақтайшаларда біздің заманымыздан бұрын II мыңжылдықта Кіші Азиядағы халықаралық сауда желісі туралы кеңінен ақпарат беріліп аумақтың сол кездегі ең алдымен экономикалық, сонымен қатар саяси, әлеуметтік жағдайы

туралы құнды деректер ұсынылады. Шумер өркениеті немесе ассирия тілі мен жазуының түркі халықтарымен байланысы әлі де көп зерттеулерді қажет етеді. Бірақ шумер тілінің түркі тілдеріне ұқсастығы туралы пікірлерге сүйенетін болсақ түркі өркениетінің бастауларының заманымыздан бұрын III ғасырда пайда болғанын болжамдай аламыз. Бұл маңызды бағыттағы зерттеулердің алдағы уақытта кеңінен қолға алынатыны сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 384 б.
2. Сулейменов О. Глиняная книга. – Алматы: Дайк пресс, 2006. - 160 с.
3. Özgüç T. Kültepe.Kaniş/Neša: The Earliest International Trade Center and the Oldest Capital City of the Hittites. – İstanbul: Middle Eastern Culture Center in Japan 2003. – 319 p.
4. Günbattı C. Kültepe - *Kaniş* | Anadolu'da İlk Yazı, İlk Belgeler. – Kayseri: Kayseri Büyükşehir Belediyesi, 2012. – 169 s.
5. *Veenhof K. R., Eidem J. The Old Assyrian Period.* Fribourg - Göttingen, 2008. – 468 p.